

РАЗВИТИЕ МАШИНОСТРОЕНИЯ НЕВОЗМОЖНО БЕЗ ВНЕДРЕНИЯ НОВЫХ ТЕХНОЛОГИЙ, И В ЭТОМ ПРОЦЕССЕ ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНАЯ АДМИНИСТРАЦИЯ – НЕ СТОРОННИЙ НАБЛЮДАТЕЛЬ, А АКТИВНЫЙ УЧАСТНИК. ВЕДЬ СЕГОДНЯ КАЗАХСТАН КАК ТРАНЗИТНАЯ ДЕРЖАВА ЗАИНТЕРЕСОВАН В ИННОВАЦИОННОМ ПОДВИЖНОМ СОСТАВЕ, ОПТИМИЗАЦИИ ЛОГИСТИЧЕСКИХ ПРОЦЕССОВ И УКРЕПЛЕНИИ ПРОИЗВОДСТВЕННОГО ПОТЕНЦИАЛА.

Дмитрий ПОТЛОВ,
директор департамента технической политики
АО «НК «ҚТЖ»



№37 (3076)
16/05/2025

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

ҚАЗАҚСТАН – ҚЫТАЙ: АЛҒАШҚЫ КӨЛІК ФОРУМЫ ӨТТІ

Кеше Астанада Қазақстан – Қытай 1-ші Көлік форумы өтіп, оған екі елдің көлік министрлері Марат Қарабаев пен Лю Вэй, сондай-ақ қазақстандық-қытайлық көлік ведомстволары, темір жол және автожол компанияларының өкілдері қатысты. Форум шеңберінде «Құрық порты» ЖШС мен Qingdao Port International компаниясы басшылары бірқатар құжаттарға қол қойды.

Сұлугүл БАКЕСОВА,
Астана

– Қазақстан мен Қытай мемлекеттерінің көлік форумы бірінші рет өтіп, ал Астана қаласындағы Қытай – Орталық Азия көлік министрлерінің екінші кездесу болып отыр. Осы маңызды жиынға қатысып отырғандарыңыз үшін алғысымды білдіремін! Бұл іс-шаралардың жұмысына қатысу көлік ынтымақтастығына қосымша серпін беретініне сенімдімін. Біздің елдеріміз арасындағы теміржол көлігімен тасымалдау динамикасы тұрақты оң өсімді көрсетіп отыр, – деді Көлік министрі Марат Қарабаев форумның ашылу салтанатында.

Расында, Қазақстан мен Қытай арасында көлік саласындағы ынтымақтастық артып келеді. Мәселен, биылғы жылдың алғашқы төрт айының қорытындысына сәйкес ҚХР-мен теміржол арқылы жүк тасымалдау көлемі 13%-ға артып, 11.4 млн тонна жүкті құрады. Осы арада екі ел арасындағы көліктік әлеуетті дамыту Қазақстанның Еуразиядағы негізгі транзиттік пункт ретіндегі мәртебесін бекіткенін атар едік. Бұл бағытта Транскаспий халықаралық көлік бағдары Қазақстан мен Қытай үшін стратегиялық маңызға ие. 2024 жылы тасымалдау көлемі 4,5 млн тоннаны құрап, алдыңғы

жыл көрсеткішімен (2,7 млн.тонна) салыстырғанда 62% ұлғайды. Ал 2025 жылдың қаңтар-наурыз айларында тасымалдау көлемі 1,1 млн тоннаны бағындырды, бұл өткен жылғы көрсеткіштен 6,3% артық. Көлік министрі, Қытай тарапының ТХКБ дамуына қосылатынын ескере отырып, 2030 жылға қарай көлем көрсеткіштерін жылына 10 млн тоннаға дейін ұлғайтуды жоспарлап отырғанын атап өтті.

– Биыл Достық – Мойынты учаскесіндегі екінші жолдардың және Алматы станциясының айналма жолы құрылысын аяқтау жоспарлануда, бұл жолдардың өткізу қабілетін арттыруға және Азия мен Еуропа арасындағы жүктерді жеткізу уақытын едәуір қысқартуға мүмкіндік береді. Еліміздің шығысында Бақты – Аягөз жобасын іске асыру жалғасуда, ол Қытаймен өткізу қабілетін 25 млн тоннаға арттырады. Осылайша, таяу үш-төрт жыл ішінде ел темір жолдарының өткізу қабілеті қазіргі 28 млн тоннадан үш есе өсіп, 100 млн тоннаға жуықтайтын болады, – деді Марат Қарабаев.

Еске сала кетсек, бүгінде Ақтау портында қытайлық компаниямен бірлесе контейнерлік хаб құрылысы жалғасып жатыр. Бұл порттың өткізу қабілетін 140 мың ЖФӨ-ден 240 мың ЖФӨ-ге дейін арттырады. Жоба биылғы жылдың соңына дейін



пайдалануға беріледі деп күтілуде. Ведомство жетекшісі ТХКБ арқылы келген жүктерді теңіз көлігі арқылы тасымалдауда кеме жетіспеушілігі біраз кедергі болып отырғанын, міне, осы мәселені оң шешу үшін алдағы уақытта 17 жүк кемесін сатып алу жоспарланғанын, соның 6-уы биыл алынып, жүк тасымалына жұмылдырылатынын жеткізді. Сонымен қатар «Ақтау порты базасында контейнерлік хаб салу» жобасын іске асыру инвестор – Қытайдың Ляньюньган портымен бірлескен кәсіпорын форматында жүзеге

асырылуда. Бұл жоба жыл соңында толық іске қосылмақ. Хаб салынып біткен кезде терминал қуаты қазіргі 140 мыңнан 240 мың контейнерге жетеді. Бұған қоса Сиань портымен Алматыда құрғақ порт салынуда. Алдағы уақытта қытайлық әріптестермен бірігіп, Әзірбайжанның Алят портында терминал салу көзделіп отыр. Сонымен қатар «Алматы-Сиань» бағыты бойынша жолаушылар пойызын іске қосу жоспарланып отырғаны белгілі болды.

Суретті түсірген
Александр ЖАБЧУК

НОВЫЙ ЭТАП В ЕВРАЗИЙСКОЙ ЛОГИСТИКЕ



Представители АО «KTZ Express» обсудили с иранскими партнерами перспективы сотрудничества в рамках международного транспортного коридора Север – Юг.

Так, АО «KTZ Express» посетила Исламскую Республику Иран с рабочим визитом. В ходе поездки представители компании провели переговоры с руководством стратегически расположенного порта Чабахар и Портовой и морской администрацией Ирана (РМО).

Основной темой обсуждения стало развитие международного транспортного коридора Север – Юг, включая участие в совместных инфраструктурных проектах. Делегация KTZ Express ознакомилась с текущим состоянием портовых мощностей Чабахара и осмотрела территории, потенциально пригодные для размещения терминальных объектов.

Порт Чабахар, расположенный на юго-востоке Ирана, является единственным иранским портом с прямым выходом в Индийский океан. Его стратегическое положение делает его важным звеном в транспортной цепочке между Центральной Азией, Ираном и странами Южной Азии.

Иранские власти планируют завершить строительство железнодорожной линии Чабахар – Захедан в 2025 году, что обеспечит прямое железнодорожное сообщение порта с внутренней сетью страны и усилит его роль в международной логистике.

По итогам переговоров стороны выразили обоюдную заинтересованность в расширении сотрудничества и развитии взаимовыгодных логистических решений.

Асель ШАЙХЫНОВА



Мақсат НҰРБЕКОВ,
Болашақ станциясының бастығы:

2023–2024 ЖЫЛДАРДАҒЫ ЖҰМЫС КӨЛЕМІ МЕН ӨТКІЗГЕН ПОЙЫЗДАР ЕСЕБІНЕН ОСЫ ЖЫЛДЫҢ СӘУІР АЙЫНАН БАСТАП ЕКІНШІ КЛАСҚА АУЫСЫП ЖАТЫРМЫЗ. БІРІНШІ КЕЗЕКТЕ КЛАСТЫҚ ДӘРЕЖЕМІЗДІҢ КӨТЕРІЛУІНЕ ЖҮК КӨРСЕТКІШТЕРІНІҢ АРТУЫ СЕБЕП БОЛЫП ОТЫР. ӘРІНЕ СТАНЦИЯ МӘРТЕБЕСІНІҢ КӨТЕРІЛУІ АЛДАҒЫ МІНДЕТТЕРІМІЗДІҢ САЛМАҒЫН ДА АРТТЫРАДЫ. ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖҮГІ ДЕ ҚАЗІРГІДЕН ЖОҒАРЫЛАЙ ТҮСПЕК

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ:

БЫЛТЫР ҚАЗАҚСТАН МЕН ӨЗБЕКСТАН АРАСЫНДАҒЫ ЖҮК ТАСЫМАЛЫНЫҢ КӨЛЕМІ
11,5 млн
тоннаны құрады.

ӨТКЕН ЖЫЛЫ
БОЛАШАҚ СТАНЦИЯСЫНАН
ТҮРІКМЕНСТАНҒА

22 500
ВАГОН ЖҮК ЖӨНЕЛТІЛДІ.

2024 ЖЫЛДЫҢ
ҚЫРКҮЙЕК АЙЫ МЕН
2025 ЖЫЛДЫҢ СӘУІР
АЙЫНЫҢ АРАЛЫҒЫНДА
ҚАЗАҚСТАН МЕН ҚЫТАЙ
АРАСЫНДАҒЫ ҚҰРАМА
ЖЕМ ЖЕТКІЗУ

5
ЕСЕ АРТТЫ.

Сервис

ВОСТРЕБОВАННЫЕ УСЛУГИ

Более 9,5 тысячи пассажиров воспользовались услугами национального перевозчика «Вагон+вагон» и «Поезд+поезд» при отсутствии прямых билетов.

Алинур КУДАЙБЕРГЕНУЛЫ,
Астана

Услуга «Вагон+вагон» позволяет оформить два билета на один и тот же поезд с пересадкой из одного вагона в другой. Это особенно актуально, когда нет свободных мест на всем маршруте, но возможна посадка и продолжение пути с промежуточной станции.

К примеру, пассажир планирует поездку из Астаны в Алматы на 28 мая, но до конечной станции нет свободных мест. Поэтому он может купить один билет до станции Акадыр и еще один в другом вагоне того же поезда АО «Пассажирские перевозки» – от станции Акадыр до Алматы.

Услуга «Поезд+поезд» предлагает вариант маршрута с пересадкой между

двумя разными поездами, что расширяет возможности планирования и делает путешествие более гибким.

Для того чтобы воспользоваться одной из услуг, необходимо пройти на сайт bilet.railways.kz. Здесь выбрать нужный маршрут и дату поездки.

Если прямые билеты отсутствуют, система автоматически предложит альтернативные варианты с пересадкой – между поездами (поезд+поезд) или в рамках одного поезда (вагон+вагон).

Для получения альтернативных вариантов поезда необходимо выбрать вкладку «Поезд с пересадкой поезд+поезд» или «Проезд с пересадкой вагон+вагон».

Дополнительную информацию об услугах можно получить по бесплатному номеру 1433 или на сайте bilet.railways.kz.

ОСМОТР ВАЖНЫХ СТРАТЕГИЧЕСКИХ ОБЪЕКТОВ



Светлана МОГАЙ,
Караганда

Членам комиссии важно знать, каким образом на сегодняшний день организовывается движение поездов, как осуществляется пропуск составов и диагностика путей. Ко всему прочему, необходимо владеть информацией об имеющихся недоработках и предпринимаемых действиях по их устранению. Как известно, ввод вторых путей позволит обеспечить экспорт отечественной продукции в направлении Китая, а также значительно расширить транзит грузов.

– Дальнейший маршрут комиссии – посещение участка Балхаш – Саяк, где в конце июня запланирована сдача объекта. Осмотру подлежат перегонные участки станции, которые будут переведены на микропроцессорную централизацию – систему управления нового поколения, реализующую алгоритм функционирования централизации стрелок и сигналов станций железнодорожного транспорта на программном уровне. Немаловажное

значение имеет путевое развитие и реконструкция пути на станциях. Сюда же входят действия по модернизации инфраструктуры, демонтажу старых стрелочных переводов, строительству нового путепровода, организации движения поездов, которая включает в себя обеспечение бесперебойной перевозки угля и меди в период ремонтных работ, – сообщил главный ревизор департамента безопасности движения АО «НК «ҚТЖ» по Карагандинскому участку Булатбек Альмуразаев.

При выполнении всех вышеперечисленных операций в период проведения маневровых работ будет значительно сэкономлено время, к тому же увеличится пропускная способность станций, уменьшится простой транзитного вагона без переработки, увеличится возможность организации приема и отправления длинностанных, в том числе двохвонных контейнерных поездов четного и нечетного направления, сократится время простоя составов на путях станции, улучшится пропускная и перерабатывающая способность, что



благоприятно повлияет на выполнение эксплуатационных показателей работы участков.

Операции по строительству вторых путей продолжают и должны завершиться в текущем году.

Фото автора

ӨНІРДІН ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

 **Қуаныш ҚОЖАЕВ,**
Семей



Семей ЖТ бөлімшесінің «AMANAT» бастауыш партия ұйымында ерекше басқосу болып өтті.

Аталмыш партияның Абай облыстық филиалының атқарушы хатшысы Нұржан Оразбековпен кездесу барысында бүгінгі таңдағы партия тарапынан жүзеге асырылып жатқан 13 әлеуметтік жоба таныстырылып, олардың мақсаттары мен мән-маңызы кеңінен талқыланды.

Атап айтқанда, «Қарыссыз қоғам», «Жер аманаты» және «Ауыл аманаты» секілді бастамалардың тұрғындардың әлеуметтік жағдайын жақсартуға, халықтың әл-ауқатын арттыруға бағытталғаны да түсіндірілді.

Сонымен қатар кездесу барысында партияға мүше теміржолшылар қауымы өздерін толғандырған бірқатар өзекті мәселелерді ортаға салды. Атап айтсақ, өздері тұрып жатқан қаланың жекелеген елді мекендеріндегі ауыз су тапшылығы, жолдың жай-күйі жөнінде де бірқатар нақты ұсыныстарын ортаға салды. Бұл ретте мәртебелі мейман барлық көтерілген мәселелер назарға алынып, тиісті мекемелерге жолданып, бақылауға алатынын жеткізді.

Жиынға бөлімше директоры Алмас Сейсемқанов пен бөлімшедегі бастауыш партия ұйымының төрағасы, қоғам белсендісі Айгүл Берікболова қатысты. Кездесу соңында партия қатарына жаңадан қабылданған мүшелерге партиялық билеттер табысталды.

ҚЫРАҒЫЛЫҚ ҮЛГІСІН КӨРСЕТТІ

 **Нұрлыбек ДОСЫБАЙ,**
Түркістан облысы



Түркістан мен Арыс аралығындағы теміржолдың 3188-шақырымдағы 9-пикетінде орналасқан Қарақоңыр өткелінде кезекші Қалдыбек Жабақұлы қырағылық үлгісін көрсетіп, жылжымалы құрам мен жүк көлігінің соқтығысуына жол бермеді.

Оқиға орны ауданаралық аумақта орналасқанымен, бұл облыстық маңызы бар автокөлік жолы мен теміржол тармақтарының түйіскен нүктесі. Сондықтан да Қарақоңыр станциясының іргесіндегі 3-санатқа жататын бұл нысанда көліктің барлық түрінің өтуіне рұқсат етіледі. Сонымен қатар өткелде кезекшілікке түсетін 4 қызметкер 12 сағаттық ауысым негізінде жұмыс істейді.

Өткелдегі механизмдердің барлығы да автоматтандырылған әрі қызметкерлерге тиісті жағдайдың бәрі жасалған. Солай десек те, бұл нысан маман араласуын қажет етеді. Өткел кезекшісінің өз ісіне жауапкершілігінің арқасында үлкен апаттың алды алынды.

Қызметтік міндетін атқарып отырған Қасымбек Қалдыбек түс кезінде гүрілдеген дауысы жер жарғандай ауыр жүк көлігінің ығыранып, өткелге қарай бет алып келе жатқанын байқады. Ол дереу сыртқа шығып, маңында өзге көліктің бар-жоғына көз жеткізу үшін төңірекке барлау жасайды. Өйткені сүт пісірім уақыт шамасында бұл жерден №3404 жүк пойызы да екпіндете жетіп, зулап өте шығуы тиіс. Алайда, жүк көлігі шойын жол тармағының қақ ортасынан өте бергенде қозғалмай, кілт тоқтап, тұрып қалады. Жүріп кетер деген үмітпен бір-екі жерін түргіп, шұқылап көргенмен еш өзгеріс бола қоймайды.

Осы сәтте өткел кезекшісі Қалдыбек Жабақұлы қарап тұрмай, қамданып, өз міндетіне кіріседі. Алдымен станция диспетчеріне хабар беріп, машинистке белгі беретін тетікті шұғыл іске қосады. Содан жүк көлігінің жүргізушісімен бірге темір жолда апатты болдырмаудың амалын жасайды. Ал осы сәтте өз жолындағы бағдаршамның қызыл түсін байқаған №3404 пойызының машинисі М.Тажиков жылжымалы құрамды Қарақоңыр станциясындағы 2 бас жолға тоқтатады. Бұл кезде сағат тілі 13:20 минутты көрсеткен.

Күтпеген жерде кілт тоқтаған «SACMAN» жүргізушісі шарасыз халге түссе де, соңғы үмітпен көлігінің қозғалтқыш бөлігін іске қосқанда, көлік кенет жүріп кетеді. Қасқағым сәтте оң мен түстің арасындағыдай күйге түскен ол көлігін қауіпсіз жерге қояды. Бұл кезде өткел кезекшісі Қалдыбек Жабақұлы пойыз қозғалысына ешқандай қауіп төніп тұрмағандығын, жағдайдың жедел оң реттелгенін айтып, тиісті тараптарға хабар беріп жатты. Бұл кезде сағат тілі 13:27 минутты көрсеткен. Одан кейін полиция өкілдері де оқиға орнына жетіп, жүргізуші Т.Д.-ның жол қозғалысы ерекжесіне қайшы әрекет жасағаны үшін заң аясында тиісті шара қолданады.

Қарап отырсаңыз, біз баяндап отырған оқиға қасқағым сәтте болып өткен. Бас-аяғы 7-10 минут шамасы. Ал оның алдын алмағанда зардабы орасан зор болар ма еді. Осындай сын сағатта қырағылық үлгісін көрсеткен тәжірибелі теміржолшының ерен еңбегі ертеңінде-ақ жергілікті басшылық тарапынан тиісті деңгейде бағаланған. «Шымкент магистральдық желі бөлімшесі» филиалының директоры А.Қойлыбаев кейіпкеріміздің кеудесіне «Қазақстан темір жолына 120 жыл» төсбелгісін тағып, арнайы алғыс хатпен марапаттады.

– Біз енді өзімізге тиесілі міндет, мақсатымызды дер кезінде орындап шықтық қой. Аса бір батырлық, батылдық демес едім. Менің орнымда қай әріптесім болса да осылай әрекет еткен болар еді. Солай десек те, еңбегімізді елеп, ескеріп, сый-құрметке бөлеп жатқан жетекшілерімізге зор алғысымды білдіремін, – дейді өмірінің 35 жылын теміржол саласына арнап, осы бағытта тер төгіп келе жатқан кейіпкеріміз Қасымбек Жабақұлы.

Суретті түсірген автор

ҚҰРЫЛҒЫЛАР ЖҰМЫСЫ ҚАДАҒАЛАНУДА

Қызылорда белгі беру және байланыс дистанциясы пойыздардың қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ете отырып, жыл басынан бері апатты немесе оқыс оқиғаларға жол бермеген.

 **Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,**
Қызылорда

Бұл – теміржолшылардың кәсіби біліктілігінің, жауапкершілігінің және өз міндеттерін атқарудағы жоғары деңгейінің көрсеткіші болып табылады. Дистанциялықтардың алдына қойған басты мақсаты – теміржол көлігінің үздіксіз және қауіпсіз жұмысын қамтамасыз ету, сонымен қатар еңбек адамдарының амандығын сақтау.

Осы ретте дистанция басшысы Әбдірахман Сырлыбаевтың теміржолшылардың еңбегін жоғары бағалап, олардың атқарып жатқан жұмыстарының маңыздылығына ерекше назар аударатынын айтып өткен жөн. Оның пікірінше, ШПҚ Қызылорда теміржолшылары өз міндеттерін абыроймен атқарып, теміржол көлігінің қауіпсіздігі мен үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету үшін үлкен үлес қосып келеді.

– Қызылорда белгі беру және байланыс дистанциясының қызметкерлері теміржол қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз етуде аса маңызды рөл атқарады. Біз өз міндеттерімізді орындауда

тек техникалық құралдарды жаңарту немесе ауыстырумен ғана шектелмейміз, ең бастысы адамдардың қауіпсіздігі мен амандығын бірінші орынға қоямыз. Біз тұрақты түрде жаңа технологиялар мен заманауи жабдықтарды енгізу арқылы теміржол жүйесінің қауіпсіздігі мен тиімділігін арттыруға күш саламыз, – дейді дистанция бастығы.

Дистанциялықтар тарапынан өткен айда бірнеше маңызды техникалық, жоспарлы, ағымдық күтім, құрылғылардың бабын жасау жұмыстары атқарылған. Мәселен, олар Сұлутөбе станциясында орын алған Н2 шығыс сигналының бұғатталуынан УКПС және ҚМУ құрылғыларының іске қосылуына байланысты тексеру жасап, орын алған олқылықты толық зерттеп, жауапты тұлғалар кемшілікті текталапқа сай болуы үшін шұғыл әрекет етіп, жөнге келтірген.

Қызылорда белгі беру және байланыс дистанциясының теміржолшылары техникалық



ұйымдастыру шараларын жүзеге асыруда да жоғары белсенділік танытып отыр. Олар Шорнақ станциясында №5 ажыратқыштың СП-6 электр жетегін ауыстырса, Шиелі станциясында (ЧД, М4, Н6, Н10 және ЧМ10 сигналдары) бағдаршамдарының тетіктері алмастырылған. Боройнақ теміржол учаскесінде №6 ажыратқыштың СП-6 электр жетегі жаңартылған. Жаңақорған станциясында СП-6 электр жетегінің Боройнақ бекетінде №10 ажыратқыштағы СП-6 электр жетегі, сондай-ақ Шиеліде СП-6 электр жетегінің №94 ажыратқышы 15СС электр жетегіне ауыстырылған. Қаракеткенде СП-6 электр жетегінің No15СС ажыратқышына ауыстыру жұмыстары да табысты аяқталған. Бұл жұмыстар

теміржол инфрақұрылымының жоғары деңгейде жұмыс істеуін қамтамасыз ету мақсатында жүргізілген маңызды қадамдар болды.

Маневрлік бағдаршамдар қауіпсіздік шараларының басты нүктесі саналады. Шиеліде маневрлік бағдаршамның басын М42 бағдаршамға орнату және ауыстыру жұмыстары аяқталды. Бұл – жұмыс теміржол көлігінің қозғалыс қауіпсіздігін арттыруға бағытталған маңызды шара. Дистанциялықтардың әрбір күні, атқарып жатқан әрбір жұмысы теміржол үшін үлкен маңызға ие. Бұл тек олардың кәсіби деңгейі мен шеберлігін көрсетіп қана қоймай, бүкіл ұжымның осы салаға деген адалдығын, жауапкершілігін және өз міндеттерін деген құрметін дәлелдейді.

Суретті түсірген автор

15 мамыр – Отбасы күні

БАҚЫТТЫҢ КІЛТІ – ЕҢБЕК ПЕН СЫЙЛАСТЫҚТА

Астана аудандары арасында өткен «Ұрпақтар сабақтас-тығы» байқауында ардагер, Құрметті теміржолшы Кендай Ахметовтің отбасы бірінші орын алды. Бір жылдары теміржолшы әулеті «Мерейлі отбасы» байқауының жеңімпазы да болған еді.

 **Райхан РАХМЕТОВА,**
Астана

Еңбек жолы атасынан бастау алған үлкен әулеттен 48 теміржолшы шыққан. Олардың жалпы еңбек өтілі – 1600 жыл. Кейіпкеріміз Кендай Ахметов 72 жыл ғұмырының 48 жылдай уақытын Сарышаған және Астана станцияларындағы ШПҚ және ЭЧ мекемелерінде еңбек етуге арнаған. Жұбайы Күлән Ахметованы осы салада жұмыс істеп жүріп кездестіріп, 1975 жылы екі әріптес Сарышағанда бас құрап, төрт баланы дүниеге әкелді. Екеуі балаларын еңбекке баулып, өздерінің адамгершілік қасиеттерін олардың бойларына сіңіріп өсірді, осылайша елге абыройлы, көпке құрметті, ағайынға сыйлы, қоғамда танымал отбасына айналды.

– Отбасы – шағын мемлекет. Оның өз заңдылықтары, қағидалары болады. Елінің қамын жейтін де, малын жейтін де ұрпақ сол



шағын мемлекетте алған тәлім-тәрбиесіне қарай ер жетеді. Отбасын құрған алғашқы жылдары №4 бекет деген жерде 4 жылдай тұрдық. Сонда су түгілі нанды пойызбен әкел беретін. Қиын кездер еді, ерлі-зайыпты болып бар қиындықты бірге көтердік. Бірақ ешқашан ешкімге шағым айтпадық. Темір

жол отбасымызға берілген бір нәсіп еді, басқа салада мүлдем қызмет еткен жоқпын, тіпті ол туралы ой да кірмеді басым, – дейді әулеттің отағасы.

Ұл-қыздарынан тараған немере-жиендерінің қызығын көріп отырған ата мен әже бақыттың кілті еңбек пен сыйластықта екенін айтады. Өнегелі әулеттің үйінен қонақ үзілген емес. 2014 жылы «Мерейлі отбасы» байқауына қатысуға елорда әкімдігі тарапынан ұсыныс берілгенде туған-туыс, көрші-қолаңнан Ахметовтер туралы сұрастырылып, сырттай мінездеме жиналған. Сонда олар туралы бірде-бір теріс пікірдің болмауы мәлімет жинаушыларды таңғалдырыпты.

– Жұбайым Күләнмен отасқанымда 40 жылдан асты. Үйде де, жұмыста да бір болдық. Менің күнделікті өмірімнің 60 пайызы жұмыста өтті, сондықтан көбіне бала тәрбиесіне жұбайым жауапты болды, дегенмен балаларыма қашан да уақыт табуға тырыстым. Әсіресе ұлымды 4 жасынан бастап жұмысқа беріп алып кетіп жүрдім. Оған жұмыстың да, өмірдің де қыр-сырын үйреттім. Қазір балам мен келінім бізге қарайласып, қыдыртып, барлық жағдайымызды жасап отыр. Міне, нағыз қазақты тәрбие деген осы, – дейді Кендай Ахметов.

Сурет отбасы архивінен

ОТЫЗДАН АСТАМ МАМАНДЫҚ ОҚЫТЫЛАДЫ

Қазір «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ Тараз көліктегі оқу орталығында біліктіліктерін арттырып, кезекті оқу курсынан өткен теміржолшылар қайтадан жұмысқа оралып, тыңдаушылардың жаңа легі келіп жатқан кез. Осылай жыл бойы оқу процесі толастамайды.

 **Ардақ ҮСЕЙІНОВА,**
Жамбыл

– Орталыққа теміржолшылар еңбек алаңында енгізіліп жатқан жаңа технологиялардың тілін үйреніп, жұмыс барысында туындайтын сұрақтарына жауап алу үшін келеді. Сол себепті оқытушылар теориялық-практикалық тұрғыда тәжірибелі мамандар ма, соған назар аударады. Бізде жалпы 18 қызметкер, 13 мұғалім, жалпы 31 адам еңбек етеді. Олардың бәрі – осы саланың қыр-сырын жақсы білетін білікті кадрлар. Жалпы орталықтағы әрбір оқу кабинеті стандарттарға сәйкес барлық заманауи талаптарға жауап беретін арнайы оқу құрылғыларымен жабдықталған, – дейді Тараз көліктегі оқу орталығының директоры Лашынкүл Күзербаева.

Оқу орталығында тиісті материалдық базамен жабдықталған 13 оқу кабинеті, тест тапсыратын бір компьютерлік сынып бар.



Компьютерлер қажетті ақпараттық жүйелерге қосылған. Әр компьютерге 3Д жүйесінде жаттығу бағдарламасы да жүктелген. Осы жаттығу жүйесі арқылы машинистер сынақ тапсырып, тәжірибелерін шынайы алады. Оқу кабинеттері негізгі ғимаратта, ал электровоздың қондырғысы, пайдалануы және техникалық қызмет көрсетуі, іштен жану қозғалтқышы, орталықтандырылған дабыл және блоктау

электромеханика сынды кластар қолданылатын техникаларына қарай өз алдына бөлек орналасқан. Сондай-ақ практикалық полигон мекеменің ауласында. Онда жолшылар мен жол шеберлері шпалдардың, бағыттауыш бұрмалардың, рельс бекітпелерінің орналасуын көріп, тәжірибелік сабақ өтеді.

– Біздің орталыққа біліктіліктерін арттыруға Қазақстанның барлық облыстарынан келеді.

Оңтүстік, солтүстік, шығыс, батыс аймақтарды түгел қамтимыз. Жылына 3000-ға жуық теміржолшы оқып шығады. Оқу процесінің мерзімі әртүрлі. Мысалы, біліктілігін арттыруға келсе, 1 ай оқиды. Ал дайындық курстары 3 ай, – дейді орталық басшысы.

Курсқа келетін теміржолшыларды мамандығы бойынша сараласақ, 33 түрлі кәсіп иелері бар. Айталық, дефектоскоп арбасының операторынан бастап, жол бригадирі, жол шебері, дрезина жүргізушілері, СОБ электромеханиктері мен электромонтерлары, локомотивтердің түрлеріне қарай тепловоз, электровоз машинистері мен көмекшілері, жол машиналарын реттеуші немесе бағыттаушы жөндеуші, жылжымалы құрамды жөндеуші секілді әр салалық бағыттағы жұмысшы мамандықтардың бәрі орталыққа келіп, білім-білігін жетілдіре алады.

Суретті түсірген автор

Охрана труда

БЕЗОПАСНОСТЬ ПРЕВЫШЕ ВСЕГО!

В филиале ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Илецк» с целью повышения уровня знаний по охране труда был проведен конкурс «Лучший по профессии».

 **Марьяна ПЕРВУШИНА,**
Илецк

В нем приняли участие работники станции Илецк, пункта технического обслуживания вагонов (ПТО) и Илецкого локомотивного депо (ТЧЭ-27). Организаторы конкурса – инженеры по охране труда Виолетта Колышкина, Жанель Тукиева и мастера производственного обучения – Светлана Герасименко, Александр Никонов и Наурызгали Абугалиев.

В ходе мероприятия участники также просмотрели видеоролики по технике безопасности, медработник провела инструктаж по оказанию первой медицинской помощи. В конкурсных заданиях были использованы игровые ситуации с целью демонстрации не только теоретических знаний, но и практических навыков, а также ребусы и викторины по вопросам охраны труда. Для демонстрации практических навыков по проведению искусственного дыхания и непрямого массажа сердца использовался манекен.



Практически все конкурсанты показали хорошие теоретические знания, активно участвовали в блиц-опросах, с большим азартом поддерживали товарищей во время практических показов, творчески подходили к заданиям. В итоге в каждом подразделении определились свои призеры. В частности, по станции Илецк

первое место занял дежурный по станции Разъезд 25 Игорь Веденкин, на втором месте – агент ППВ Альфия Сатанова, на третьем – оператор СТЦ Татьяна Полищук.

По пункту технического обслуживания вагонов Илецк победителем стала оператор ПТО Асель Кушенова, на втором месте – оператор ПТО Зарина Алдрапекова, третье – заняла оператор ПТО Галина Порублева. При этом были отмечены также самые активные и эрудированные осматрщики-ремонтники вагонов Сагын-гали Жамбаулов, Жаксыгали Фазиров, Равиль Хасанов.

В Илецком локомотивном депо лучшим по профессии стала инженер по расшифровке скоростемерных лент Гульжан Абдешова, по праву занявшая первое место, старший дежурный ТЧЭ-27 Еркобин Джумагазиев занял второе, а третье – досталось слесарю-ремонтнику Федору Плюхину. Победители конкурса награждены грамотами и поощрительными призами.

Кроме того, в этот же день специалисты филиала посетили работников, получивших увечья на рабочих местах, вручив им продуктовые корзины, собранные профсоюзным комитетом.

Фото автора

ПРИОРИТЕТ В РАБОТЕ

Безопасность труда – одно из ключевых направлений в деятельности Алматинского эксплуатационного локомотивного депо. От строгого соблюдения правил охраны труда, техники безопасности и производственной дисциплины зависит не только исправность подвижного состава, но и здоровье, а порой и жизнь работников.

 **Елена КОЛДАСБАЕВА,**
Алматы

Особое внимание уделяется регулярным инструктажам, обучению персонала, а также контролю за техническим состоянием оборудования и рабочих зон. Все сотрудники проходят обязательную проверку знаний по безопасности,

используют средства индивидуальной защиты и строго придерживаются регламентов. Всего с начала года в Книгу замечаний машинистов поступило 1 249 рапортов против 808 за аналогичный период прошлого года. Локомотивными бригадами ТЧЭ-28 с начала года применено 131 экстренное торможение

против 140 за аналогичный период прошлого года. В том числе на людей – 32 случая, из них с наездом – один случай.

Стоит констатировать тот факт, что на железнодорожных участках по-прежнему систематически происходят наезды на скот. Основными причинами инцидентов являются бесконтрольный выпас домашних животных и нарушение правил их содержания со стороны владельцев. Так, с начала года зафиксировано 32 случая наезда на скот против 37 в 2024 году.

– Для кардинального решения данной проблемы необходима активная позиция со стороны местных органов власти и собственников животных, – утверждает начальник Алматинского эксплуатационного депо Айдын Сатыбалдин.

Состояние водительской ку-

туры вблизи железнодорожных переездов, к сожалению, оставляет желать лучшего. Попытки обгона на переезде, игнорирование звуковой сигнализации и закрытого шлагбаума – наиболее распространенные случаи. В ряде ситуаций локомотивным бригадам приходится применять экстренное торможение, чтобы избежать столкновение с транспортными средствами. На автотранспорт допущено четыре случая против восьми периода прошлого года.

Тем не менее основой безопасности является и техническая учеба как важный элемент подготовки и повышения квалификации работников. Регулярные занятия, теоретическая и практическая подготовка позволяют машинистам, помощникам, ремонтному персоналу и другим специалистам уверенно справиться с поставленными задачами.

Кроме того, в депо постоянно ведется активная работа по анализу причин нарушений, внедрению передового опыта и новых технологий, направленных на снижение рисков. Такая система позволяет поддерживать высокий уровень производственной безопасности и предотвращать аварийные ситуации.

Фото автора

ВЫБОР СДЕЛАН



На станции Оскемен-1 состоялась отчетно-выборная конференция первичной профсоюзной организации. Мероприятие совпало с важной датой – в этом году профсоюз железнодорожников Казахстана отмечает свое 120-летие.

 **Ольга УШАКОВА,**
Усть-Каменогорск

В Оскеменском регионе трудятся 1 230 железнодорожников. Все они являются членами профсоюза. На конференции их представляли 24 делегата. В президиум вошли заместитель директора Семейского отделения грузовых перевозок Марат Уалиев, представитель Центрального совета ОО «Казпрофтранс» Айгуль Жайлаубаева, председатель профкома узла станции Оскемен-1 Берикхан Тлеужанов. Участники конференции заслушали отчеты о работе профсоюзного комитета за 2020-2024 годы, контрольно-ревизионной комиссии за этот же период.

В своем отчете Берикхан Тлеужанов отметил, что основное внимание профсоюз уделяет защите трудовых прав работников, улучшению социальных условий и, конечно, поддержке каждого. Профсоюзный союз всегда протягивал руку помощи, будь то экстренный случай, серьезное заболевание работников или членов их

семей, организация детского отдыха, в том числе в летних лагерях. Профсоюз ежегодно организует акцию «Дорога в школу», где первоклассникам предоставляют ранцы с канцелярскими товарами, а также ежегодные экскурсии для детей из малообеспеченных семей.

Среди приоритетных направлений работы – контроль за соблюдением трудового законодательства, организация культурно-массовых и спортивных мероприятий, благотворительная помощь, обучение профактива. Только за последние пять лет было рассмотрено 295 заявлений на материальную помощь – ни одно из них не осталось без ответа. Профсоюз активно участвует в реализации нового Коллективного договора на 2024-2026 годы, который предусматривает улучшения в сфере охраны труда, оздоровления работников. С 2024 года благодаря усилиям руководства Семейского отделения грузовых перевозок, профсоюза каждый работник железной дороги региона имеет право на дополнительный десятид-

невный экологический отпуск, что является значительной поддержкой для них.

– В новом Коллективном договоре добавили список профессий, кому в связи с тяжестью и вредностью профессии предусмотрена программа раннего выхода на социальное, – отметил Берикхан Тлеужанов. – Таким образом, ею уже воспользовались много осматрщиков, машинистов, составителей.

Особое внимание профсоюз уделяет молодежной политике, поддержке ветеранов, организации экскурсий и поездок для детей работников. За пять лет профком провел более 220 заседаний, на которых рассматривались вопросы, касающиеся социальной защиты, досуга и дисциплины на производстве.

Судя по отчету представителя контрольно-ревизионной комиссии Бауыржана Нурсаханова, за пять лет работы профкома не было нецелевого использования денежных средств.

Также на конференции провели выборы нового председателя, членов профкома и контрольно-ревизионной комиссии.



Берикхан Тлеужанов единогласно был избран председателем первичной профсоюзной организации на новый пятилетний срок. Собравшиеся отметили его ответственность, высокий уровень дисциплины, отзывчивость и заслуженное к нему доверие со стороны членов профсоюза.

Айгуль Жайлаубаева поблагодарила коллектив за активность и подчеркнула, что именно сейчас важно сохранять единство, быть инициативными, заботиться друг о друге. Как говорят в профсоюзе – вместе мы сила. Она призвала делегатов и через них всех работников железной дороги региона проявлять инициативу в проведении мероприятий, вносить предложения для изменений в Коллективный договор.

Работа профсоюзного комитета узла станции Оскемен-1 была признана удовлетворительной. Впереди у коллектива – новые задачи и проекты, которые они хотят направить на укрепление социальной стабильности, защиту прав работников и развитие корпоративной культуры.

Фото автора

Итоги

УВЕЛИЧИЛСЯ ОБЪЕМ ГРУЗОПЕРЕВОЗОК

 **Айлин БАУРЖАН,**
Астана

Перевозка грузов на сети КТЖ по итогам января – апреля 2025 года выросла на 4,5% и составила 85 миллионов тонн. Из этого объема 54,6 миллиона тонн было перевезено внутри страны, на экспорт отправлено 30,4 миллиона тонн, что на 12,7% больше по сравнению с аналогичным периодом 2024 года.

За четыре месяца 2025 года было перевезено 34 миллиона тонн каменного угля, что на 1,1% превышает уровень аналогичного периода прошлого года. Из этого объема 24 миллиона тонн было направлено казахстанским потребителям.

При этом экспорт угля вырос на 22%, достигнув 10 миллионов тонн.

Объем перевозок зерна также продемонстрировал значительный рост, увеличившись на 54% и составив 4,7 миллиона тонн. Экспорт зерна увеличился на 60%, достигнув 3,7 миллиона тонн.

Кроме того, с января по апрель 2025 года наблюдается рост перевозок других грузов: нефтяных грузов – на 7% (до 6,6 миллиона тонн), черных металлов – на 10,6% (до 1,5 миллиона тонн), химических удобрений – на 20,8% (до 1,6 миллиона тонн) и строительных грузов – на 8% (до 4,3 миллиона тонн).

КОНТЕЙНЕРНЫЙ НАТИСК

 **Аслан КУДАБАЕВ,**
Костанай

Более семи тысяч фитинговых контейнерных платформ было отправлено в Костанайском регионе за четыре месяца текущего года.

Всего погружено 7 337 фитинговых платформ в 14 256 контейнерах, из них сформировано 224 организованных маршрута.

В сравнении с аналогичным периодом прошлого года, погрузка увеличена на 71%.


За четыре месяца текущего года со станций Костанайского региона отправлено 720 фитинговых платформ зерновых культур. Из них было сформировано 20 организованных маршрутов. Продуктов передела отправлено 5 062 фитинговые платформы. Из них сформировано 162 организованных маршрута. К уровню прошлого года погрузка продуктов передела увеличена на 102%.

Асбеста со станции Житикара погружено 852 фитинговые платформы, из них сформировано 20 организованных маршрутов. К уровню прошлого года погрузка асбеста увеличена на 368%. Так, за четыре месяца 2024 года асбеста в контейнерах погружено 204 фитинговые платформы, из них сформировано семь организованных маршрутов.

Наконец, комбикорма было отправлено 703 фитинговые платформы, из них сформировано 22 организованных маршрута.

СИМВОЛ РАЗВИТИЯ

 **Милена КАИРОВА,**
Достык



Станция Достык играет доминирующую роль в обеспечении международных перевозок и укреплении логистических связей между странами.

Слаженная работа коллектива, внедрение современных технологий и четкое следование производственным планам позволяют станции не только справляться с растущими объемами грузов, но и вносить весомый вклад в развитие отрасли.

Что касается экспортных грузов, то за четыре месяца текущего года, согласно плану ОСЖД, – 4 567 000 тонн, фактически выполнено 4 621 492. Среднесуточная сдача составила 627 вагонов. Импорт за четыре месяца составил 1 591 566 тонн.

– Сегодня станция – это не просто пункт на карте, а важнейшее звено в Евразийском транспортном коридоре, достойное уважения, – отмечает директор Алматинского отделения грузовых перевозок Нурым Жаниязов.

Коллектив станции трудится в условиях высокой нагрузки, обеспечивая оперативную переработку вагонов, четкое выполнение графиков и безошибочное оформление документов. В приоритете – безопасность и точность в каждой операции. Особое внимание уделяется взаимодействию с китайской стороной на стыке широкой и узкой колеи, что требует высокого уровня координации и профессионализма. Надо сказать, что перед коллективом стоят амбициозные задачи по увеличению пропускной способности, внедрению цифровых решений и автоматизации процессов, улучшению условий труда и повышению квалификации сотрудников.

Стоит также отметить, что процесс перегрузки осуществляется в круглосуточном режиме с соблюдением всех требований безопасности и таможенного контроля. Высокая степень механизации позволяет ускорить оформление и сократить время простоя вагонов.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ Орталық теміржолшы ардагерлер кеңесі ұзақ жылдар теміржол саласына еңбегі сіңген ардагер, Құрметті теміржолшы, Шымкент теміржол бөлімшесі Ардагерлер кеңесінің төрағасы Қалшабеков Арыстан Салыбекұлына анасы

Ұрхия Қашағанқызының
өмірден озуына байланысты қайғырып көңіл айтады.

НАГЛЯДНОЕ ЗНАКОМСТВО



В рамках повышения престижа рабочих профессий железнодорожной отрасли воспитанники детского дома села Осакаровка посетили административное здание АО «НК «ҚТЖ» и Центр оценки и развития персонала железнодорожного транспорта.

Учащиеся 9-11-х классов получили уникальную возможность узнать о различных железнодорожных профессиях. Познавательная экскурсия началась с посещения центрального музея ҚТЖ. Экскурсию по истории и современному развитию железнодорожной отрасли провела заведующая музеем Акмарал Молдашева. Она рассказала ребятам о периодах становления транспортной отрасли, об уникальных приборах и технике, которыми пользовались железнодорожники минувших лет. Также ребятам продемонстрировали зал современного развития железной дороги, в котором хранятся фотографии, расположен точный макет вокзального комплекса «Нұрлы жол», интерактивная карта железных дорог Казахстана и другое.

Следующий этапом экскурсии стало посещение зимнего сада, расположенного на 37-м этаже здания. Здесь для ребят была организована фотосессия. – Данный детский дом мы не раз посещали с молодежью региона. В этом году уже два раза были с визитом, планируем их посетить еще раз. Но прежде мы решили провести профориентационную экскурсию, которая позволит познакомиться с обширным миром железнодорожных профессий. Это, в свою очередь, будет способствовать выбору подрастающего поколения будущей профессии, чтобы в дальнейшем они получали удовлетворенность от работы, – отметил старший диспетчер по направлениям Автоматизированного центра управ-

ления перевозками Санат Журсин. Но больше всего впечатлений участники экскурсии получили от посещения Регионального центра управления движением поездов (РЦУП Север) и Центра оценки и развития персонала железнодорожного транспорта. На первом объекте они увидели работу диспетчеров, а также узнали, как осуществляется связь машиниста поезда с диспетчером и обрабатывается огромный поток информации, необходимый для управления движения поездов по северному региону страны. А уже в учебном центре ребята смогли лично испытовать современные тренажеры и оборудования, используемые для подготовки специалистов. По итогам экскурсии ребята признались, что по-другому посмотрели на работу железнодорожника. К примеру, ученик 9-го класса Ануар Аханов намерен в будущем выбрать профессию машиниста. – Я впервые побывал в здании ҚТЖ. Экскурсия понравилась. Особенно в диспетчерском центре. Моя главная мечта – стать машинистом, теперь я точно не сомневаюсь в выборе профессии. На мой взгляд, машинист – это самая важная и ответственная работа, ведь он управляет сложной техникой, – поделился он. Кроме того, железнодорожники рассказали будущим выпускникам школы о специфике трудоустройства, а также социальных гарантиях сотрудников компании.

Айлин БАУРЖАН
Фото Александра ЖАБЧУКА

ӘКЕМ – АСҚАР ТАУЫМ

Қызылорда магистральдық желі бөлімшесінің директоры Ербол Сәулебековтің төрағалығымен «Бақытты отбасы» партиялық жобасы аясында «Әкем – асқар тауым» атты мерекелік іс-шара бөлімшенің кәсіподақ ұйымы тарапынан ұйымдастырылды.



Өңірдің теміржол мекемелері басшыларынан құралған әділ қазыларға әріптестерінің сайыстағы өнерін таразылау оңай болмады. «Бұл тағылымы мол шараның басты мақсаты – отбасы институтындағы әкенің рөлін дәріптеу, әке мен бала арасындағы байланысты нығайту, ұлттық құндылықтарымызды ұлықтай отырып, болашақ ұрпаққа өнегелі тәрбие беру. Әке – отбасының тірегі, қорғаны. Оның әрбір ісі, сөзі, ұстанымы ұл-қызының болашағына бағыт-бағдар береді. Осы орайда ұйымдастырылған сайыс форматындағы іс-шара 5 кезеңнен тұрды. Сайыс оған қатысушы әкелер мен ұлдарының



өнері мен шеберлігін, бір-біріне деген жақындығын айшықтай түсті», – дейді бөлімшенің кәсіподақ ұйымының төрағасы Салтанат Махмұтова. Әкелер мен ұлдар қатысқан дүбірлі жарыста жеңімпаздар деп сайыстың барлық сатысында тұшымды жауап берген Ринат Хоромбаев пен ұлы Бекзат Бекбалаев танылды. Одан кейін жеңімпазға сәл-пәл есе жіберген Қанат Оспанов пен ұлы Айсұлтан 2-орынға жайғасса, 3-орынды Еркебұлан Сүлейменов пен ұлы Иманәлі Шарібек еншіледі. Кәсіподақ ұйымы тарапынан дайындалған бағалы сыйлықтар жарыс жеңімпаздарына тарту етілді. Басқа да қатысушылар жарыстан құралақан қайтпады. Ұйымдастырушылардың айтуынша, мұндай шаралар алдағы уақытта да жалғасын табатын болады.

Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,
Қызылорда
Суреттерді түсірген автор

Спорт

РЕКОРД – 5 ВАГОН, 120 ТОННА

Шымкентте қара күш иесі Артық Досалиев салмағы 120 тонна болатын 5 вагонды сүйреп, жаңа рекорд орнатты. Оқиғаны көрермендер мен Қазақстан рекордтар кітабының өкілі бақылап, көрсеткіш ресми түрде тіркелді.



Айтулы оқиға Қызылсай станциясы қызмет көрсететін аумақта орналасқан кәсіпорынның тұйық жолында болды. Қызықты сәттің өтуіне мұрындық болған станция басшысы Баянды Раманқұловпен байланысып, оқиғаның жай-жапсарын сұрадық. Ол сәуір айының басында кенсеге хат түскенін айтты. Онда ел ішінде салауатты өмір салтын ұстануды кеңінен насихаттау мақсатында арнайы іс-шара өткізу көзделіп отырғаны баяндалған екен. – Біз өз кезегімізде жоғары тұрған сала басшыларымен хабарласып, рұқсат алып бердік, – дейді Баянды Мамырқұлұлы.

Негізінен, зауыттағы теміржол учаскелері жекеменшік мүлік болғанымен, станцияға тиесілі локомотивтер жүк вагондарын кіргізіп-шығару қызметін атқарады. Сондықтан да қос мекеменің жауапты мамандары өзара түсінісе отырып, еңбек көрігін қыздырып келеді. Осы орайда зауыт пен станция арасында жылжымалы құрам қатынасын реттеп отыратын маман «Стандарт цемент» ЖШС өкілі Әсет Махамбетқалиев қара күш иесі Артық Досалиевтің бауыры ертеректе осы кәсіпорында қызмет еткенін атап өтті.

– Сол азамат бізге келіп, ағасының ой-ниетін зауыт басшылығына айтып, қолдау табады. Содан өндіріс орнында қауіпсіздік қағидаларын қатан сақтай отырып, жұмыс қарқынын бәсеңдетпейтін мүмкіндіктерді қарастырып, осы оқиғаны ойдағыдай өткіздік, – дейді Әсет Әбдіхалықұлы.

Азаматтардың айтуынша, пауэрлифтингтен спорт шебері, бес дүркін әлем чемпионы, екі мәрте Еуропа чемпионы, Азияның сегіз дүркін жеңімпазы Артық Досалиевтің рекорд орнатуы үшін оның тыңғылықты дайындық жасауына жағдай жасалған. Жаттығу кезінде тұйық жолдың тегістік деңгейі де баса назарға алынған. Яғни вагондар инерциямен келіп, өздігінен тоқтайтын жол таңдалған.

Оқиға орнында Қазақстан рекордтар кітабының ресми өкілі Бақытжан Тастұлеков рекорд «таза» тіркелуі үшін жолдың тегістігін алдын ала арнайы қағалармен тексерген. Рельстің горизонталь болуын қадағалап, кейін Артық Досалиевтің жалпы салмағы 120 тоннаны құрайтын 5 вагонды 21 метр 40 сантиметрлік қашықтыққа сүйрегенін тіркеген. Оның айтуынша, бұған дейін Қазақстанда мұндай рекорд тіркелмеген. Ал кейіпкеріміз бұл жетістігін Жеңістің 80 жылдығына арнап, батыр бабалар рухына құрмет көрсетуді мақсат еткенін айтады.

Нұрлыбек ДОСЫБАЙ, Шымкент,
Сурет time.kz сайтынан алынды

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИКИ НЕ СДАЛИСЬ ПЕРЕД НЕПОГОДОЙ

В Уральске прошли соревнования по мини-футболу, посвященные Дню защитника Отечества, в которых приняли участие восемь команд железнодорожных предприятий региона.

Состязания проходили на территории спортивного комплекса Западно-Казахстанского агроуниверситета им. Жангир хана. Организаторами выступили инструктор-организатор ФСК «Локомотив» Бекзат Гилманов и спортивный инструктор Болат Карлибаев. Главный судья соревнований – ветеран спорта Александр Любимкин.

Матчи в обеих группах шли одновременно на двух футбольных полях.

В первой группе играли команды Уральского эксплуатационного локомотивного депо (ТЧЭ-1), Уральского эксплуатационного вагонного депо (ВЧД-3), Уральской дистанции сигнализации и связи (ШЧ-7) и АО «Транстелеком» (ТТК). Во второй – команды станции Уральск (ДС), топливного склада «Орал» Центра топливных ресурсов (ЦТР), Уральской дистанции пути (ПЧ-1) и Уральской дистанции электроснабжения (ЭЧ).

ҚҰРМЕТ КӨРСЕТІЛДІ

Жеңіс күні қарсаңында теміржолшылардың жақсы көретін спорт түрінің бірі – шағын футболдан Ұлы Отан соғысының ардагері, Еңбек Қызыл Ту орденінің иегері, қазақтан шыққан тұңғыш «КСРО Құрметті теміржолшысы» Байбол Орақов атындағы жүлде үшін жарыс өтті.

Жарыстың ашылу салтанатында облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы М.Өтешов құттықтау сөз арнап, қатысушыларға сәттілік тіледі. Ойынға Құлсары, Ақжайық, Ганюшкино, Сағыз станциялары, ШЧ-8, ЭЧ-4, ВП-8, ТЧЭ-3, ТЧЭ-4, ПЧ-9, ВЧДЭ-1 – барлығы 11 команда қатысты. Барлығы да өңірдегі іргелі мекемелер. Қарсыласына ұпай жібермеуге тырысқан ойыншылар қызу тартысқа түсіп, жақсы ойын көрсетті. Әр команда ойыншылары намысты қолдан бермеуге тырысып бакты. Он бір команда ішінен суырылып «Атырау локомотив депосы» командасы алға шықты. Екінші орынды Атырау қалпына келтіру пойызы, ал үшінші орынды Мақат локомотив депосының командасы иеленді. Бірінші орынды иеленген командаға соғыс ардагері Б.Орақовтың ұлы Мерген Байболов кубок пен ақшалай сыйлық табыс етті. 2, 3-ші орындарға кәсіподақ атынан диплом мен ақшалай сыйлық берілді.

Айта кетейік, Байбол Орақов Михайлов шығанағы Саяноводск қаласынан Каспий маңы темір жолы салынып, 1885 жылы Ашхабад, әрі қарай Чарджоу, Самарканд, Бухара, Фергана, қарақұмды қиып өтетін



Ташауызға дейін созылған теміржол құрылысының басы-қасында жүрген қазақ ұлты өкілдерінің бірі еді. 1938 жылы Мәскеуге КСРО темір жол министрлігінің жанындағы 6 айлық жеделдетілген қысқа мерзімді курсты үздік бітіріп, сол кездегі темір жол министрі Л.Кагановичтің өзі куәлікті табыс етеді. Байбол Орақов еңбек еткен Орта Азия темір жолы Ұлы Отан соғысы жылдарында ерекше маңызы бар стратегиялық жол торабы болды. Осы темір жол арқылы Сібірден, Қыыр Шығыстан, Қазақстан мен Орта Азия республикаларынан жолан кәрі бағытқа да пойыздар легі толастамайтын. Ол Ұлы Отан соғысы жылдары жартылай әскери, темірдей тәртіптегі темір жолда асқан жауапкершілікпен еңбек етеді. Оның елі үшін деп жасаған жан аямас еңбегі өкімет назарынан тыс қалмай, 1944 жылы 2 қазанда куәлік нөмірі 40 455 «КСРО Құрметті теміржолшысы» деген аса зор атақпен марапатталады. Бүгінгі күні Маңғыстау облысы Қарақия ауданы Құрық ауылындағы 2-шағын ауданнан Б.Орақовтың атына көше беру жөнінде шешім шығарылыпты.

Қосұйым МҰҚАШЕВ, Атырау
Суретті түсірген автор

ИГРА НОМАДОВ

В Павлодаре прошел турнир по тоғызқұмалақ, посвященный 120-летию профсоюза.

В последние годы павлодарские железнодорожники активно участвуют в национальных видах спорта. Тоғызқұмалақ занимает особое место в спортивной жизни сотрудников стальной магистрали Павлодарского Прииртышья. Как сообщила инструктор-организатор по спорту Павлодарского филиала ОО «Казпрофтранс» Наталья Мартынова, победители будут представлять область в турнире АО «НК «ҚТЖ» по национальным видам спорта. В итоге первое место среди мужчин занял железнодорожник ВЧД-16 Екибас

Айдана ЕРТАЙ, Павлодар
Фото автора



туз Амангельды Ахметшайхов, второе – у Мади Бугжанова (ЛАРСУ-2), третье место между собой поделили Жандос Ережепов (ШЧ-24) и Дархан Касенов (станция Павлодар). Среди женщин победителем стала Анар Қабылбек.

Айдана ЕРТАЙ, Павлодар
Фото автора

ҰЛТТЫҚ ОЙЫН ҰЛЫҚТАЛДЫ

Маңғыстаудағы теміржолшылар арасында ұлттық спорт түрлерінен асық ату, бес асық және тоғызқұмалақтан жарыс ұйымдастырылды.

Ұлттық ойындарға ерлермен қатар әйелдер де белсенділікпен қатысты. Жарыс нәтижесі бойынша асық атуда алдына жан салмаған Маңғыстау станциясынан Ерсайын Өмірғалиев 1-орынды, вагон пайдалану депосынан Тұрар Ниязов 2-орынды, Бейбіт Өмірғалиев 3-орынды жеңіп алды.

Бес асықты қолы қолына тимей, шеберлерше шыр айналдырған Маңғыстау жұр тасымалы бөлімшесінен Жарасхан Түлкібаева 1-орынды алды. 2-орын станция қызметкері Тоғжан Ізмағанбетке, 3-орын Маңғыстау электрмен жабдықтау дистанциясының намысын

қорғаған Жанар Ибрашеваға бұйырды. Ерлер арасындағы тоғызқұмалақтан 1-орынның жүлдесін деполық Жайлау Жалғасбаев иемденді. 2-орын ВЧД-33 мекемесінен Нұржігіт Мәліковтің еншісіне тиді.

Тоғызқұмалаққа әуестенген қыз-келіншектердің де ойыны қызықты өтті. 1-орынды Маңғыстау станциясындағы белді спортсүйер нәзікжандардан саналатын, қай бәсекеге барса да қоржыны бос қайтпайтын Айгүл Аяпова жеңсе, екінші орынды Қамарай Калиманова алды.

Жеңімпаздар және жақсы ойын көрсеткендер арнайы марапатталды. Саламат Икеновқа «Үздік ойыншы», Құттықожа Усеновқа «Үздік байланыстырушы», Самат Тілекбайға «Үздік шабуылшы», Жанарбек Аймановқа «Үздік қорғаушы» номинациялары табысталды.

Шахида ЖҰМАН, Маңғыстау

ҚАЗАҚСТАН
ТЕМІР
ЖОЛЫ

ҚАЗКӨЛІККӘСІП

Бас редактор
Дина Муздубаева

Бас редактордың орынбасары
Меруерт Өмірзақова

Редакцияның мекен-жайы:
Астана қ., Д.Қонаев көшесі 6.
тел: 8 (7172) 60-44-87,
60-44-88, 60-44-92

Басылымның таралымы 11 415
Газет сейсенбі,
жұма күндері шығады.

Жауапты хатшы
Ерболат Тілеубергенов,
тел.: +7 702 5795768

Кезекші редакторлар:
Р. Рахметов, Р. Рахметова

Газет шығару және тарату қызметімен
«Қазақстандық салалық теміржол,
автомобиль, әуе және су көлігі
қызметкерлерінің кәсіби одағы»
қоғамдық бірлестігі айналысады.

© «Қазақстан теміржолшысы»
газетінде жарияланған
материалдарды
көшіріп немесе өзбас басу үшін
редакцияның жазбаша рұқсаты
алынып, газетке сілтеме жасалуы
міндетті.
Редакция авторлар мақаласы мен
жарнама мазмұнына жауап бермейді.

Меншікті тілшілер:

Алматы: Елена Қолдасбаева 8-701-794-98-80
Атырау: Қосұйым Мұқашев 8-778-946-09-66
Ақтөбе: Ардақ Ерубайева 8-702-843-27-97
Шығыс Қазақстан: Ольга Ушакова 8-777-203-51-87
Семей: Қуаныш Қожаев 8-775-710-70-53
Маңғыстау: Шахида Жұманова 8-707-886-72-45
Орал: Анна Панищева 8-707-910-74-17
Қызылорда: Сабырхан Нәдірбаев 8-778-409-78-59
Жамбыл: Ардақ Ұсейінова 8-777-667-26-20
Шымкент: Нұрлыбек Досыбай 87025480092
Қарағанды: Светлана Могай 8-777-893-66-76
Қостанай: Аслан Құдабаев 8-705-267-44-00
Павлодар: Айдана Ертай 8-777-498-31-61

Газет басылатын қалалар:
Астана, Сілеті 30
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Ақтөбе, Смағұлов көш., 9/2.
«Хабар-Сервис» ЖШС
Шымкент, Әлімқұлов көш., 22.
«ERNUR Print» ЖШС

Қазақстан Республикасы Баспасөз және
бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі Ұлттық
агенттігінде тіркеліп, 1997 жылдың
30 шілдесінде № 601 тіркеу куәлігі берілді.